

**Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және
Республикалық заң консультанттары алқасы
арасындағы ынтымақтастық туралы**

МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл атынан **Әзімова Эльвира Әбілқасымқызы**, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өз құзыреті шенберінде әрекет ететін және

Республикалық заң консультанттары алқасы атынан жарғының негізінде әрекет ететін **Ақылбай Серік Байсейітұлы**, бұдан әрі «Тараптар»:

адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесуге ниет білдіре отырып,

адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру саласында бірлескен жобаларды өзірлеуге, ұйымдастыруға және өткізуге ұмтылып,

адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзы фактілері туралы ақпарат алмасу қажеттілігін түсініп,

азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау саласында сапалы заң көмегіне азаматтардың жоғары қажеттілігін мойындей отырып,

Қазақстан Республикасының Конституациясына түзетулердің 2022 жылғы 8 маусымда күшіне енуін ескеріп,

төмендегілер туралы ынтымақтастық туралы Меморандум (бұдан әрі - Меморандум) жасасуға келісті:

1. МЕМОРАНДУМ МӘНІ

1.1. Осы Меморандумның мақсаты Тараптардың адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы күш-жігерді біріктіру жөніндегі ынтымақтастығын дамыту болып табылады.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ

2.1. Осы Меморандумның мақсаттары үшін Тараптар келесі бағыттарда ынтымақтасуға ниетті:

- адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру саласында тәжірибе алмасуға;

- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында өзара тиімді және бірлескен жобаларды талқылауға және іске асыруға;

- адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және республикалық заң консультанттары алқасы палаталарының заң консультанттарының қызметкерлері мен өкілдерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін күш-жігер жұмсауға;

- халықаралық, шетелдік және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықта Тараптардың танымалдығын ілгерілетуге жәрдемдесуге;
- мүмкіндігінше нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуде бір – біріне көмектесуге;
- адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру саласында бірлескен іс-шаралар өткізуге;
- адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге қатысуға.

3. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Меморандум Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

3.2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімдермен ресімделеді.

3.3. Меморандум белгісіз мерзімге жасалды және Тараптардың бірі екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтатудан 1 (бір) ай бұрын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібергенге дейін қолданылады.

3.4. Тараптар осы Меморандум алдын ала шарт болып табылмайды және қаржылық және зандық міндеттемелерге әкеп соқпайды деп келіседі.

3.5. Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада казак және орыс тілдерінде жасалды.

**Респубикалық заң
консультанттары алқасы**

Төрағасы

Ақылбай С.Б.



**Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі
үәкіл**

Әзімова Э.Ә.

